



ҚОСШЫ –
ЕЛОРДА СЫҒАРЫ

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЕСКЕРТКІШТІҢ
ТҮБІНДЕ
ЕСКЕ АЛАЙЫҚ

8-БЕТ



МЕКТЕП АСХАНАСЫ
ТАРТЫМДЫ МА?

7-БЕТ | БІЛІМ



2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗ

МӘЖІЛІС ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

ELORDA.INFO

№10
(4443)
Бейсенбі
26 қаңтар
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Кешеден бері Астана ақ қырауға құрсанып тұр. Ал қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмысын жалғастыруда. Кеше қаланың көшелері, жолдардың қары мен мұзын күреуге 2 мың жол жұмысшысы мен 1 мыңға жуық арнайы техника жұмылдырылды.

АҚ ҚЫРАУЛЫ АСТАНА

ЕЛОРДАҒА 1,5 МЛРД ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Елордаға 1,5 млрд инвестиция тартылды. Бұл туралы Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Мейрамбек Әшірбеков мәлім етті.

«Елорданың тұрғын алаптарын интернетпен қамту бойынша бұған дейін «Көктал-2» тұрғын алабы интернетке қосылған болатын. Заманауи GPON технологиясы жарықтандыру бағаналары мен электр желілерінің бойымен жұмыс істейді. Баршын, Құләнәтпес, Сау-малкөл, Айдарлы, Ақмола, Ұлытау және т. б. көшелер бойында орналасқан 200 үй қосылуға дайын» деді басқарма басшысы.

Сарыарқа ауданы, «Көктал-1, 2» тұрғын алабы,

«Агроқалашық» – Инвестор «Қазақ үй байланыстары» ЖШС, бүгінге «Көктал-2» вокзалының бойымен 16 шақырым көше кабелі тартылды.

Астанада абоненттерді қосудың тарифтік жоспары 4500 теңгеден басталады (жылдамдық 50 Мбит/с-тан 500 Мбит/с дейін). Бүгінгі таңда «Үркер» тұрғын алабында 20 шақырым көше кабелі тартылды. 50 абонент қосылды, 70 өтініш бойынша жұмыс атқарылуда.



560 МЫҢ БАЛАҒА – ТЕГІН ҮЙІРМЕ

Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов балалардың спортпен және дене шынықтырумен тұрақты шұғылданыуына ерекше назар аударылатынын мәлім етті.

«Мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты жалғастыру мақсатында 2023 жылы 560 мыңнан астам бала мен жасөспірімді тегін үйірмелерге қамту үшін жергілікті атқарушы органдардан 86,7 млрд теңге

бөлінді» деді министр. Өткен жылы еліміз бойынша 4 жастан 17 жасқа дейінгі 400 мыңнан аса бала мен жасөспірім 13 мың спорт секциясы мен шығармашылық үйірмелерге тегін баруға мүмкіндік алды.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАЛАРЫ КӨБЕЙДІ

Елорданың шеткі аймақтарында 230 жалпы бақылау камерасы орнатылды. Тұрғындардың өтінішіне сәйкес әрі қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына байланысты «Пригородный», «Тельман», «Үркер», «Көктал», «Оңтүстік-шығыс», «Теміржолшылар» және «Өндіріс» елді мекендерінде бейнебақылау камералары қойылған. Қазіргі таңда Астана қаласында әкімдік жүзеге асырып жатқан жобалар аясында, ғимараттардағы ішкі камераларды есептемегенде, 25866 жалпы бейнебақылау камерасы бар.



3

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 500.85 \$ USD/KZT 462.55 ₸ RUB/KZT 6.74 ¥ CNY/KZT 68.2

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



САХА БАСШЫСЫМЕН СҰХБАТТАСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Саха Республикасының (Якутия) басшысы Айсен Николаевты қабылдады.

Кездесуде Қазақстанның өңірлері мен Саха Республикасы арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми және мәдени-гуманитарлық, сондай-ақ цифрландыру салаларындағы өзара тиімді кооперацияларды дамытудың перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы белсенді өңіраралық ынтымақтастық өзара сауда көрсеткіштеріне оң ықпал

еткенін айтты. Президенттің пікірінше, өңіраралық сауда көлемі айтарлықтай артты. Қазақстан сауда қатынастарын одан әрі тереңдетуге мүдделі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Саха Республикасын тамыры терең тарихи және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар байланыстыратынын атап өтіп, ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар

аударатынын айтты.

Кездесуде Айсен Николаев Саха елі Қазақстан компанияларымен өнеркәсіп өнімдері, минералды ресурстар және зергерлік бұйымдар салаларында сауда-сағтық жасауға дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар Якутия цифрлық технология, креативті индустрия мен кинематография бағытында да байланыс жасауға ниетті.

СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.

«Ақорда» резиденциясында төрт елдің төтенше және өкілетті елшілерінің Мемлекет басшысына сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Швеция Корольдігінің елшісі Ева Ульрика Пулано, Грузияның елшісі Николай Лалиашвили, Мьянма Одағы Республикасының елшісі Лвин У және Кипр Республикасының ел-

шісі Кипрос Йоргаллис тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының ресми түрде басталуымен құттықтап, екіжақты байланыстарды одан әрі нығайту жұмыстарына табыс тіледі. Мемлекет басшысы Қазақстанның достық және өзара тиімді қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған бейбіт әрі ашық сыртқы саясат

жүргізіп отырғанын айтты.

Мемлекет басшысы дипломаттардың игі миссияларын орындауы кезінде Қазақстан Үкіметі тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Рәсім соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерге табыс тілеп, олардың мемлекеттерінің бастыларына ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.



КӘСІПКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ТУРАЛЫ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысына Қазақстандағы кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы Ұлттық баяндама ұсынылды.

Президенттің қарауына Үкімет Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы Ұлттық баяндаманы енгізді.

Құжатта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі индикаторлары, «Атамекен» ҰКП қызметінің қорытындысы және бизнестің мәселелерін шешу жөніндегі шаралар қамтылған.

Баяндамаға сәйкес, 2021 жылдың қорытындысы бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) үлесі 33,5 пайызды құрады. Бұл көрсеткіштің негізгі бөлігі шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі. Олардың ЖІӨ-дегі үлесі – 26,8 пайыз. 2015 жылдан 2020 жылға дейін елдің ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 24,9 пайыздан 32,8 пайызға дейін артты. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін ЖІӨ-дегі ШОК үлесі 2025 жылға қарай 35 пайызға дейін өсуге тиіс.

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1,4 миллионға

(өсім 5,5%) жетті. Олар 3,5 миллион адамды жұмыспен қамтып отыр (өсім 1,1%).

2021 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріндегі еңбек өнімділігі 20 пайызға өсіп, бір адамға шаққанда 8 миллион теңгеге жетті.

Аймақ бойынша 2021 жылы шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы өңірлік өнімдегі ең көп үлесі Астана (ЖӨӨ-нің 59%), Алматы (47,5%) және Шымкент (40,5%) қалаларында байқалды.

Мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде былтырғы 1 қазандағы мәлімет бойынша 5200 жаңа кәсіпорын ашылды. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін 47,7 мың құжат әзірленіп, дайындалды. Құны 119,6 миллиард теңге болатын 48,5 мың жобаға қолдау көрсетілді. 16,9 мың кәсіпкердің бизнесі кеңейтілді.

Кәсіпкерлік қызмет саласына жаңа реттеуші саясатты енгізу аясында «Атамекен» палатасы мен Үкімет жаңа реттеуші саясаттың негізгі шарттарына сай келмейтін 9560 талапты анықтады.

«Басынан бастап реттеу» реформасы бизнестің жүктемесін орта есеппен 30 пайызға азайтуға және оңтайлы әрі түсінікті реттеуші орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар баяндамада кәсіпкерлік қызметтің дамуына ұсақ және шағын бизнес субъектілерін тексеруге жарияланған мораторий оң ықпал ететіні айтылған. Аталған шара осы жылдың соңына дейін ұзартылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес кәсіпкерлерді негізсіз тексерулерден қорғау және бизнесті қылмыстық процеске заңсыз тартуды болдырмау үшін кешенді шаралар қабылданды. Бас прокуратура 2023 жылға арналған бизнесті қорғау жөніндегі бірлескен іс-қимылдардың кешенді жоспарын бекітті.

2022 жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы қызметін трансформациялау ісі қолға алынды. Палата өз жұмысында ұсақ және шағын бизнесті қолдауға баса мән береді.

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиында Қарулы Күштерді одан әрі дамыту және әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар Қорғаныс

министрі Руслан Жақсылықов пен бірқатар өкілетті мемлекеттік орган жетекшілері баяндама жасады.

Қауіпсіздік Кеңесі отырысының қорытындысы бойынша

әскердің материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға, оны кадрлармен қамтамасыз етуге және әскери қызметтің беделін арттыруға бағытталған шешімдер қабылданды.

СЕНАТҚА ЖАҢА ДЕПУТАТТАР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

2023 жылы 24 қаңтарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үш Жарлыққа қол қойды. Атап айтқанда, ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының өкілеттігін тоқтату және сенаторларды жаңадан тағайындау туралы Жарлық жарияланды.

Президенттің алғашқы Жарлығымен Мәулен Әшімбаев пен ҚР Парламенті Сенатының 12 депутатының өкілеттігі тоқтатылды. Келесі Жарлық ҚР Жоғарғы Сотының бұрынғы төрағасы Жақып Асановтың Сенаттың жаңа депутаты ретінде тағайындалуына қатысты. Үшінші Жарлық бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев Мәулен Әшімбаевты, Нұртөре Жүсіпті, Ләззат Қалтаеваны, Асқар Шәкіровті Парламенттің жоғарғы палатасының депутаттары етіп қайта тағайындады.

Осылайша, ҚР Парламенті Сенатының бұрынғы құрамынан тоғыз депутат шығып қалды: Владимир Волков, Бақытжан Жұмағұлов, Қайрат Қожамжаров, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Талғат Мұсабаев, Дана Нұржігіт, Қанатбек Сафинов, Ләззат Сүлеймен, Серікбай Тұрымов.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан халқы ассамблеясы өкілдерінен Сенат депутатын тағайындады. Олар: Евгений Бельгер, Зәкіржан Күзиев, Нұрия Ниязова,

Әлішер Сатыбалдиев, Геннадий Шиповский.

Осылайша, ҚХА атынан бес депутат жаңадан тағайындалды және жаңа сенатор Жақып Асанов та бар.

2022 жылғы маусымда республикалық референдум аясында Қазақстан Конституциясына өзгерістер енгізілді. Жаңа өзгеріске сәйкес, Президент Сенаттың 10 депутатын тағайындай алады, оның бесеуі Қазақстан халқы ассамблеясы атынан ұсынылады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Антарктидадағы Брунт шельфті мұздықтан көлемі Үлкен Лондонның көлеміндей айсыз бөлінді.

Ғалымдар бірнеше жыл бойы қалыңдығы 150 метрлік жарықшақтардың пайда болуын байқаған, ал соңғы мұз асты толқын жарықшақты қақ айырған. 1500 км²-ден асатын алып мұздықтың суретін жариялаған Британия Антарктикалық қызметі мұның климаттың өзгеруіне тікелей қатысы жоқ және теңіз деңгейінің көтерілуіне әкелмейтінін айтты.



Түркия 5-6 ай ішінде аранда-тушылық салдарынан бұл елдің НАТО-дан шығуы мүмкін екенін айтты «Отан» партиясы төрағасының орынбасары Этхем Санжак Aydınlık газетінде.

«НАТО өзінің арандаушылықтары арқылы бізді соған мәжбүрлеуде. Олар бізді көршіміз Грекияға қарсы қоюға тырысуда. Түркия бес-алты айдан кейін НАТО-дан шығады. Олар бізді Таяу Шығыстағы құйынға тартуға тырысуда. Ақырында Швеция мен Нидерландыда Құранға қарсы әрекеттерді көресіз».



Қытайдың ең солтүстігіндегі Мохэ қаласында ел тарихындағы 1969 жылдан бергі ең төменгі температура рекордын жаңартты: Цельсий бойынша -53 градус.

Бұл – Қытайдың метеорологиялық жүйесі бұрыннан тіркелген ең төменгі температура. Қаланы қатты аяз басып тұрғандықтан, жергілікті билік мереке күндері тұрғындарды жылумен және сумен қамтамасыз ету үшін күш-жігерін екі есеге арттырды. Мохэ жиі Қытайдың «Арктикалық қаласы» деп аталады.

№10 (4443) 26/01/2023 Бейсенбі

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ТҰРАҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ КЕРЕК

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, генерал-майор Қуанар Базарбаев онлайн-брифинг берді.

Астана қаласындағы тұрғын үйлерде жиі өрт тұтанып, тұрғындардың қауіпсіздігін қорғау міндеті тұрады. Ара-тұра табиғат тосын мінез танытып, соның салдарынан адамдарды құтқару қажеттілігі туындайды.

Қарап тұрсаңыз, төтенше жағдайлар саласының қызметкерлері үнемі сергек жүріп, физикалық тұрғыда бабында болуы тиіс. Екінші жағынан, бұл саланың сапасын арттыруда заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету маңызды. Брифинг барысында осындай сан салалы жұмыстың мән-маңызын түсініп, жауапкершілігін салмақтадық.

– 2022 жылы елорда аумағында 846 төтенше жағдай тіркелді. Оның ішінде табиғи сипаттағысы – 12, техногендік сипатта 834 жағдай орын алды. «112» шұғыл телефон нөміріне түрлі сипаттағы 589122-ден астам қоңырау түсті.



Қала тұрғындарына sms-пен 308 хабарлама таратылды.

Департамент бөлімшелері авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарға 5502 рет шықты. Нәтижесінде жеке құраммен 581 адам құтқарылды, 173 адам эвакуацияланды, 47 зардап шегушіге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетілді, – деді басқарма бастығы.

Өрт – тілсіз жау. Өйткені лаулаған өрт мүлікті жұтып, тіпті адамның тынысын тарылтып,

ажал құштыруы әбден мүмкін. Былтыр 831 өрт тіркеліп, 176 миллион теңгенің материалдық шығыны орын алған. Оның негізгі себебін Қуанар Базарбаев былай түсіндірді: «Электр жабдығын орнату кезінде техникалық пайдалану ережесін бұзу және жылыту пештерін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін сақтамау салдарынан орын алады».

Өрт сөндіруші Асқар Забикулин кәсіби қызмет кезінде ерлік көрсетіп, қаза тапты. Бұл оқиға қалың жұртты қайғыртып, төтенше жағдай саласының қызметкерін әлеуметтік тұрғыда қорғап, олардың жалақысын көтеруді талдап-талқылағаны есімізде. Әрине, оның ерлігін дәріптеу мақсатында Астананың бір көшесіне есімін беру ұйғарылды. Мұнымен жүздеген сала мамандарының жағдайы шешілді ме? Бұл сұраққа тиісті сала басшылары мен Үкімет жауап іздеп жатқаны анық.

Елордада өрт қауіпсіздігін 1500-ден астам адам, 13 өрт сөндіру бөлімі қамтамасыз етеді. 2 өрт сөндіру депосының құрылысы жүруде. «Көктал», «Үркер» тұрғын аумағы мен «Нұрлы жол» теміржол вокзалы ауданындағы



Наурыз айынан бастап өрт сөндірушілер жоғары жалақы алады. Бұл туралы Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин хабарлады. Оның айтуынша, жалақы әртүрлі санаттарға байланысты өседі, төменгі буындағы қызметкерлердің айлығы 180 мың теңгеге дейін көтеріледі

№28 көше бойында тағы бір депо салу үшін ЖСҚ әзірленуде.

Өткен жылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды үйлестіру және уақытты жою мақсатында қалалық Төтенше жағдайлар комиссиясының 11-отырысы өткізіліпті.

Департамент қызметкерлері ұзындығы 40 шақырым құрайтын 16 қарлы учаскесінің ситуациялық картасын жасап, қысқы кезеңде су айдынында қауіпсіздікті арттыру мақсатында



профилактикалық және практикалық жұмыстарды жүргізуді жолға қойыпты.

– Мұз қатысымен ең қауіпті учаскелерде (12 оқу-жаттығу) 348 рейд іс-шарасын бірлесіп жүзеге асырдық. Оның барысында тұрғындармен (2310) мұздағы қауіпсіздік ережесін сақтау бойынша үгіт-насихат материалдары (4045 дана) таратылып, нұсқама берілді. Аудан әкімдіктерімен бірлесіп қала су айдындарының қауіпті учаскелері бойында «мұзға шығуға тыйым салынады» деген 133 ескерту белгісі орнатылды. Жүргізілген профилактикалық жұмыстың нәтижесінде адамдардың қаза болуына жол берілмеді, жеделден қою күштері мен құралдарымен 4 адам құтқарылды, – деді ведомство басшысы.

2022 жылғы су тасқыны кезеңіне жолдарды аралау нәтижесінде 25 су тасқыны қауіпті учаске анықтап, құтқару бөлімшелерімен 52307 метр куб еріген және жерасты сулары сорылып, тазартылды.

Өрт сөндіру қызметінде 193 техника бар. 2021-2022 жылдары екінші қаржы лизинг шеңберінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен 48 техника жеткізілді. Генерал-майор Қуанар Базарбаев төтенше жағдай кезінде тұрғындар арнайы операцияларға кедергі келтірмей, қиындықты еңсеру мәдениетін қалыптастыру да маңызды екенін атады.

Расында, өрт шыққан кезде арнайы техника тоқтайтын орын таппай, аса құнды бірнеше минутын жоғалтып алатынын көзбен көріп жүрміз.

Бетті дайындаған **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

ҚОСШЫ – ЕЛОРДА СЫҢАРЫ

Астана миллион тұрғыны бар іргелі мегаполиске айналды. Елорданың өсіп-өркендеуімен бірге онымен іргелес қоныстар да дамудың жолына түсті. Соның бірі – Қосшы қаласы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үш жыл бұрын Қосшыға «облыстық маңызы бар қала» мәртебесін беруге пәрмен берді. Бұл жаңалыққа жергілікті тұрғынның бір бөлігі қуанса, қалғаны көңілсіз қабылдады. Өйткені екінші тілектері бас қалаға қосылуға үмітті еді. Қалай болғанда да, Есідің бойында бой көтерген Астана

қаласы болмаса, спутник-қала – Қосшының мәртебесі өсіп, халқының саны артар ма еді?!

Бүгінде шағын қаланың тұрғындары Қосшы мен Астананың арасын қысқартып, қатынап жұмыс істейді. Содан болар, жыл өткен сайын халқының саны артып, 51 мыңнан асты. Бұл – ресми дерек. Ал бейресми дерек бойынша 70 мыңға жуық халық тұрады. Сенесіздер ме, 25 жылда Қосшы қонысының

халқы 30 есеге көбейді. Ел аумағында дәл мұндай космостық деңгейде халқы көбейген бірде-бір елді мекен жоқ. Қазір онда шығыстың да, батыстың да, оңтүстіктің де, солтүстіктің де тұрғындары араласып, тату-тәтті өмір сүруде.

Адам саны көбейген жерде сұраныс артады. Сұраныс сервистік қызмет сапасын жақсартуды талап етеді. Мұның бәрі кәсіпкерлік саласына екпін беретіні анық.

Статистика бюросының мәліметінше, 2022 жылы Қосшы қаласында кәсіпкерлік субъекті саны – 2134. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 151,5 пайыз-

ға артқанын көрсетеді. Кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар саны 2802 адамға жетті. Әрине, үлкен көрсеткіш болмағанмен, орта және шағын бизнес саласында ілгерілеу бар.

Дала өміріне бейімделіп, үй-іргелік шаруашылық жүргізуге ниетті адамдар қаз-қатар бой көтерген көпқабатты үйлерімен мақтанатын қалаларға қарағанда емін-еркін жүріп тұратын шағын қоныстарды таңдайтыны анық. Астананың іргесіндегі Қоянды мен Қосшыны осыған мысал етуге болады.

Шынында, қосшылықтар ауыл шаруашылығы саласында іргелі істерге ұйытқы бола бастады.

2022 жылдың 1 қыркүйегіне ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 7,6 миллион теңгені құрады. Оның ішінде мал шаруашылығы 7,5 миллион теңгеге жетсе, қалғаны өсімдік шаруашылығына тиесілі. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің НКИ 132,1 пайызды құрады.

Солтүстік өңірлерде «елді мекен» статусынан айырылған ауылдар саны көбейді. Оның басты себебі – мектептер жабылууда. Сөйтсек, білім ордасы елді мекеннің тынысы, келбеті, келешегі екен ғой. Ал Қосшыда қайта жаңа мектептер салуға сұраныс жоғары. Бүгінде қалада

жобалық қуаты 3036 орынды қамтитын 4 мектеп (үш мемлекеттік, бір жеке мектеп) жұмыс істесе, ондағы оқушылар саны – 8742. Жаңа оқу жылының басында №3 мектеп есігін ашты.

Мемлекеттік қаражат есебінен 1200 орынға шақталған 2 мектептің құрылысы және жеке инвестиция есебінен 1500 орынға арналған мектеп салынууда. Бұл мектепке деген қажеттілікті шешуі тиіс.

Қосшыдағы ең үлкен қажеттіліктің бірі – ауылшілік жолдарды уақыт талабына сай ету, яғни асфальттауға қарқын беру. Қалада жалпы ұзындығы 180 шақырым құрайтын көше бар. Оның 30 шақырымына асфальт төселді. Қала басшылығы алдағы уақытта жол инфрақұрылымын жетілдіруге басымдық беріп отырғанын айтты.

Қазір халықтың сапалы өмір сүруге деген сұранысы артты. Мұнымен қоса, талап-тілегі көбейді. Соның бастысы – шағын қаланың перспективасын толық есептеп, жаңа қазандық салып, жеке өрт сөндіру бөлімі және әкімдік жанынан коммуналдық шаруашылықты құрудың қажеттілігі.

Астана елдің саяси орталығы, бас қаласы болса, оның қосшысы әрі сыңары – Қосшы қаласы. Олай болса Қосшы атына сай өркендеуі тиіс.



ДҮЙСЕНБІ

30 ҚАҢТАР



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»



05:00 «Қызық times»
06:00 Концерт. «Мен жайлы...»
07:45 «Әке бақыты»



06:00 Әзіл студия
07:00 Ризамын
08:00 What's up?
08:30 Т/сернал «Дар небес: 14 дней»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 Т/х «Тек қана қыздар»
07:40 Т/х «Изоляция»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»



06:00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы



6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»



07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 «ЭУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)



06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 Т/сернал «Дар небес: 14 дней»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 Т/х «Тек қана қыздар»
07:40 Т/х «Изоляция»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СӘРСЕНБІ

1 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»



06:00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы



6:00 «Ең алғашқы» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»



07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 «ЭУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ»
09:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)



06:00 Әзіл студия
07:10 Информбюро (повтор)
08:00 Ризамын
08:30 Т/сернал «Тайная любовь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 Т/х «Тек қана қыздар»
07:40 Т/х «Изоляция»

19:00 Т/с «А у нас во дворе»
21:00 Т/х «Сержан братан»
21:35 Т/х «Шабдалы 18»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

2 АҚПАН



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 «Қызық times»
06:00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07:00 Тикелей эфирде «Оян!»



06:00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

КИНОПРОКАТ КЕЛМЕСКЕ КЕТТІ МЕ?

Кеңестік кинопрокат өнімдері жетпісінші жылдардың ортасында қазынаның бюджетін толтыратын табыс көзі болғаны рас. Ол кезде халық та кино қарау үшін кинотеатрлар мен клубтарға лық толатын.



Кейбір деректер бойынша тек Целиноград қаласында бір жылда кинопрокаттан бес мыңнан аса одақтық және қазақстандық фильм экранға шығарылып, одан үш мың рубльден аса пайда түскен.





Сұлтан СЕЙІТ

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕРТЕ АНЫҚТАУ МҮМКІН БЕ?

Астана қаласында соңғы 10 жыл ішінде туберкулез ауруына шалдығу мен өлім-жітім төмендеді. Мәселен, 2022 жылы туберкулезбен аурушаңдықтың көрсеткіші 100 мың халыққа шаққанда 9,3%-ға төмендесе, өлім-жітім көрсеткіші 19% азайды. Бұған ауруды ерте диагностикалау арқасында қол жетті. Дегенмен қазіргі таңда ішкі көші-қонның жоғары болуына байланысты пациенттер бастапқы медициналық санитарлық көмек беру ұйымдарына уақытылы тіркеле алмайды, сол себепті дер кезінде қажетті тексерулерден өтпей, қалалық фтизиопульмонология орталығына ауыр жағдайда жеткізіледі.

Орталық директорының медициналық көмек көрсету сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Жеңісқұл Даугаринаның айтуынша, көптеген науқастардың тұрақты тұрғылықты

алғашқы күндерден бастап емді жергілікті емханаларда бастайды, – дейді дәрігер. Қазір туберкулезді диагностикалау деңгейі артты, мамандар 2 сағаттың ішінде пациентте туберкулездің қандай түрі барын анықтай алады. Ал бұрын 3-4 ай ем-

«Үйлестіру орталығы» болып саналады, яғни жергілікті емханалардың туберкулезге қарсы жүргізіліп жатқан іс-шараларын қадағалап отырады. Сонымен қатар орталықта туберкулез диагнозы дәрігерлер кеңесінде қойылып, жүргізілетін ем-шаралардың кестесі әр науқасқа бөлек талқыланып тағайындалады. Орталықтың пульмонология бөлімінде өкпенің созылмалы аурулары бар науқастар емделеді. №1,2 өкпе терапия бөлімінде туберкулездің ашық түріне шалдыққандар ем алады. Өкпе хирургия бөлімшесінде ота жасалады. 4 қабатта өкпеден тыс, яғни ағзаның басқа жеріне түскен туберкулез емделеді. Орталықтың Б блогында дертті жұқтырған балаларды емдеуге арналған бөлім бар.

– Сонымен қатар қалада «Санат әлемі» тобы жұмыс істейді. Ол топтағылар – өздері туберкулезбен ауырған жандар. Бұл қызметкерлер туберкулезге қарсы іс-шараларды атқаруда көп көмек береді. Тәуекел тобына жататын адамдар, яғни үйі-күйі жоқтар, алкогольдік ішімдіктерді асыра пайдаланатындар, есірткі заттарын тұтынытындар, АИТВ инфекциясы бар адамдар, бұрынғы сотталғандар, сыртқы және ішкі мигранттар арасында туберкулезді анықтауға қатысады, сондай-ақ амбулаториялық сатыда туберкулезбен ауыратын науқастар ем-домнан бас тартқан кезде «Санат әлемі» тобы қызметкерлерінің еңбегі зор, әңгіме жүргізгеннен кейін науқастар емін әрі қарай жалғастырады. Топ қызметкерлері ауру жандарға әлеуметтік-құқықтық қолдау көрсетеді, халық арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді. Әсіресе, өз бетімен ауруханаға келмейтін адамдарды тауып, солардың тексеруден өтуін қадағалайды, – дейді маман.

Дәрігерлерді тағы бір

адамдардың таза ауада се-руендеуі, дене қимылының азайғаны денсаулыққа қай ауру тұрғысынан да зиянды екенін еске салады.

Бүгінде туберкулезді емдеуге және алдын алуға болады. Алайда 2019 жылы әлемде 10 млн адам туберкулезбен ауырып, оның 1,4 миллионы көз жұмды. Жаһандық қор қолдауымен БМСҚ, туберкулезге қарсы қызмет, USAID және халықаралық қоғамдастықтың бірлескен қызметінің арқасында Қазақстан туберкулезбен күресте айтарлықтай жетістіктерге жетті. Соған қарамастан елде ауру жұқтыратындар әлі де кездеседі. Оны емдеуге қатысты бірқатар әлеуметтік мәселелер шешімі табылмаған күйінде қалып отыр. 2022 жылы «Туберкулезді тоқтат!» әріптестігі және жобаларға қызмет көрсету бойынша БҰҰ Басқармасы, халықаралық «Денсаулық жолындағы әріптестік» ҰЕҰ-ның Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен, «Шапағат» ҰЕҰ, «Дауа 2050» ҰЕҰ қатысуымен «Тубер-

кулез ауруын анықтау өзекті мәселе болды, яғни емханаларға науқастар дер кезінде келіп, қажетті тексеруден өтуге мүмкіндік болмағандықтан, туберкулездің кең таралған процестері кездескен. Коронавирус инфек-



циясының негізі туберкулез ауруына тікелей қатысы жоқ, дегенмен коронавируспен ауырған науқастардың арасында жалпы иммунитет жұмысының төмендеуіне байланысты коронавирус ауруынан кейін туберкулезге шалдыққан науқастар тіркелген.

Мамандар туберкулездің алдын алу үшін дұрыс тамақтану, ауру ошақтарынан абай болудан бөлек, ағзаны уақытылы демалдыра білудің маңызды екенін айтады. Қазір таңнан кешке дейін жұмысбастан болып кеткен

адамдардың таза ауада се-руендеуі, дене қимылының азайғаны денсаулыққа қай ауру тұрғысынан да зиянды екенін еске салады.

Бүгінде туберкулезді емдеуге және алдын алуға болады. Алайда 2019 жылы әлемде 10 млн адам туберкулезбен ауырып, оның 1,4 миллионы көз жұмды. Жаһандық қор қолдауымен БМСҚ, туберкулезге қарсы қызмет, USAID және халықаралық қоғамдастықтың бірлескен қызметінің арқасында Қазақстан туберкулезбен күресте айтарлықтай жетістіктерге жетті. Соған қарамастан елде ауру жұқтыратындар әлі де кездеседі. Оны емдеуге қатысты бірқатар әлеуметтік мәселелер шешімі табылмаған күйінде қалып отыр. 2022 жылы «Туберкулезді тоқтат!» әріптестігі және жобаларға қызмет көрсету бойынша БҰҰ Басқармасы, халықаралық «Денсаулық жолындағы әріптестік» ҰЕҰ-ның Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен, «Шапағат» ҰЕҰ, «Дауа 2050» ҰЕҰ қатысуымен «Тубер-



жерінің жоқтығы, уақытша баспана, жертөлелер мен жатақхана бөлмелерін жалдап жүруі – қазіргі таңда осы аурудың асқынуына басты себеп.

– Туберкулез – 90 пайыз жағдайда ауа тамшылары арқылы жұғатын ауру. Бір науқас адам емделмей жүрсе, жылына орта есеппен алғанда 12 адамға жұқтырады. Ал сол науқасты есік-терезесі жоқ бөлмеге 10 адаммен бірге қамап қояр болса, соның ішінде тек екеуі ғана ауырады. Қалған сегізін жұқтырып кетеді. Инфекция олардың ағзасында жүреді. Ол инфекция сол адамның иммундық жүйесі төмендеген, дұрыс тамақтанбай әлсіреген сәтін «күтіп» жүреді. Қолайлы жағдай туған кезде, дереу басын көтереді. Бактериялар бөлінетін емделушілер қақырығы туберкулез таяқшасынан арылған соң жергілікті емханаларда емдеуді медицина қызметкерлерінің бақылауымен әрі қарай жалғастырады. Бактериялар бөлінбейтін науқастар

деп, сосын барып білетін. Сонымен қатар дертті емдеуде 2016 жылдан бері дәрілердің жаңа түрлері шықты.

– Ең алдымен, туберкулездің дәрілерге сезімталдығын анықтауда гендік молекулалық деңгейде қақырықты анықтау – басты мақсат, себебі сол нәтижеге байланысты науқастарға дұрыс ем кестесі тағайындалады. Туберкулезбен ауыратын науқастар жаңа туберкулезге қарсы препараттарды қолдану арқылы жеке схемалар бойынша емделеді. Емнің нәтижесі өте тиімді, – дейді Ж.Даугарина.

Туберкулезге қарсы іс-шараларды жүзеге асыруда Астана қаласында қалалық фтизиопульмонология орталығында 22 фтизиатр дәрігер қызмет етсе, Астана қаласының жергілікті емханаларында 21 фтизиатр дәрігер, сонымен қатар 18 балалар фтизиатрлары (фтизиопедиатр) жұмыс істейді. Астана қаласының фтизиопульмонология орталығы қалада осы дерт бойынша

АШЫҚ ЕСІК КҮНІНЕ ШАҚЫРАДЫ

28 қаңтарда Қазақстанның мемлекеттік онкологиялық ұйымдарында жатыр мойны обырын ерте анықтау және алдын алу бойынша Ашық есік күні өтеді.

Осыған орай дәрігерлер әйелдерді тегін кеңес алуға және онкогинекологтардың тексеруінен өтуге шақырады. Олардың жасы мен тұрғылықты жері маңызды емес. Ашық есік күні Онкологиялық ұйымдарда жатыр мойны обыры туралы ақпараттандыру апталығы аясында өтуде. Астана қаласының әйелдері Манас көшесі, 17 мекенжайында орналасқан Көпсалалы медицина орталығына сол күні 9:00-13:00 аралығында келе алады. Тел.: 95-40-33.

Жатыр мойны обыры – жатыр мойны аймағында пайда болатын қатерлі ісік. ДДҰ мәліметтері бойынша, жыл сайын әлемде жатыр мойны обырымен ауыратын 500 мыңға жуық адам анықталады. Қазақстан бойынша жыл сайын жатыр мойны обыры 1800-ге жуық әйелден шығады. Әлемде де, ҚР-да да әйелдер арасында онкологиялық сырқаттанушылық құрылымында жатыр мойны обыры 2-орын алады.



БАЛАЛАРҒА ҚАНДАЙ ЕКПЕ САЛЫНАДЫ?

Ауруды емдеуден гөрі оның алдын алу оңай. Әсіресе, бұл гепатит, полиомиелит, туберкулез, дифтерия, сіреспе және басқа да ауыр инфекцияларға қатысты болса тіпті маңызды. Осы аурулардың алдын алу мақсатында елімізде вакцинация жүргізілуде.

Барлық міндетті екпелер мемлекеттік емханада немесе бала бекітілген жеке емханада бюджет қаражаты есебінен тегін жасалады. Осылайша, бала тіркелген емханадағы балаларға міндетті профилактикалық егу ақсыз жүргізіледі. Олардың тізімі ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген.

Балаға жеке емханаларда ғана ақылы түрде екпе салынады. Мамандардың айтуынша, вакциналауды тек медициналық мекемелерде жасаған дұрыс, өйткені барлық вакциналар арнайы сақталу шарттарын қажет етеді. Екпе алуды кейінге қалдыру баланың сол дертке тез шалдығуына әкеп соғады.

Балаларға тегін екпелер:

- туберкулезден (БЦЖ);
- гепатитке, полиомиелит, көк-жөтел, дифтерия және сіреспе (АКДС) қарсы;
- В типті гемофильді инфекция, сондай-ақ пневмококк инфекциясына қарсы;
- қызылша, қызамық және паротиттен.

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА



ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСЫ

Астана қаласында алғаш рет күміс деңгейдегі Astana Meeting World indoor tour турнирі өтті. Мұндай деңгейдегі жарыс ТМД елдері арасында Қазақстан алғаш рет өткізді. Астана қаласының әкімдігі ұйытқы болған спорттық іс-шараға 100-ге жуық жеңіл атлет қатысты.

**Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**

Турнирдің салтанатты ашылуында Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов және Қазақстан Жеңіл атлетика федерациясы президенті Даниал Ахметов ашты.

– Astana Silver Grand Prix Meeting турниріне қатысу үшін Астанаға әлемнің үздік жеңіл атлеттері арнайы келді. Қазақстан АҚШ, Германия, Франция, Сербия, Словакия және Чехиямен бірге жеңіл атлетика сериясының күміс деңгейін ұйымдастырушылар құрамына енді, – деді федерация президенті Даниал Ахметов.

Бұл турнир отандық жеңіл атлетиканы дамытуда үлкен серпін беріп, спортшылар арасындағы бәсекелестікті арттырады.

– Халықаралық деңгейдегі турнирге әлемнің 15 елінен кіл мықты спортшылар қатысты. Бұл отандық жеңіл атлеттердің деңгейін өсіріп, жаңа буынның қалыптасуына оң әсер етеді, – деді министр Асхат Оралов.

Турнирге қатысушылар жеңіл атлетиканың 10 түрінен өзара мықтыны анықтады.

Байрақты бәсеке ерлер арасында 60 метрге кедергімен жүгіру сайысынан басталды. Жарыстың бұл түрінде кубалық Роджерс Ирибарн (нәтижесі 7.62 секунд) отандасымыз

Давид Ефремовтан (7.65 секунд) бірнеше милсекундқа озып, жеңіске жетті.

Еске сала кетейік, турнир аясында дәл осы тәртіпте Давид Ефремов алдын ала жүгіру кезінде 7,62 секунд нәтижесімен Қазақстан рекордын жаңартты.

Ерлер арасында 400 метрге жүгіруден отандасымыз Михаил Литвин 46.41 секундта мәрәні бірінші кессе, Андрей Соколов 46.74 секунд нәтижесімен 2-орынға тұрақтады. Бразилиялық Александр Руссо 47.70 секунд нәтижесін көрсетіп, үшінші орынды місе тұтты.

Әйелдер арасында 60 метрге жүгіруден отандасымыз Ольга Сафронова (7.30 секунд) пор-

тугалиялық Ариалис Гандуллаға (7.18 секунд) есе жіберіп мәре сызығын екінші болып кесті. Үшінші орынға аустралиялық Магдалена Линдер (7.43 секунд) жайғасты.

Әйелдер арасында ұзындыққа секіруде 6.32 метрді бағындырған өзбекстандық Дарья Резничен дараланды. Қазақстандық Анастасия Рыпакова (5.89 метр) пен Алина Чистякова (5.84 метр) екінші үшінші орынды өзара бөлді.

Ерлер арасында 800 метрге жүгіруден 1-орынға хорватиялық Марино Блудек (1:48.23) нәтижесімен, кениялық Николас Киплангат 1:48.31 нәтижесімен 2-орынға, ал үшінші орынға словениялық Жан Вукович 1:48.72 нәтижесімен жүлделі орындарды алды.

Қызықтың көкесі 1500 метр қашықтықта өрбіді. Африка құрлығының желаяқтары еуропалықтардан жылдам екенін тағы дәлелдеді. Кениялық Джаринтер Мвасья (4:14.26 секунд) мәреге бірінші келсе, оның артынан эфиопиялық Хирут Мешеша (4:14.40 секунд) келді. Ал португалиялық Камила Гомес 4:26.63 нәтижесімен 3-орын иеленді.

Турнирдің тартысты додасының бірі – әйелдер арасында биіктікке секіруге орын алды. Биікке құша серпілгендер арасында қазақстандық спортшылардың мерейі биік болды. Сөйтіп, бірінші орынды Надежда Дубовица (1.93 метр), екінші орынды Кристина Овчинникова (1.89 метр), үшінші орынды Елизавета Матвеева (1.89 метр) алды.

Әйелдер арасында 400 метр қашықтықта Элина Михина (55.14 секунд) үздік болса, екінші және үшінші орынды Александра Залюбовская (55.28 секунд) пен Кристина Кондрашова (55.87 секунд) иеленді.



Ерлер арасында 60 метрге жүгіруден америкалық Макл Роджерс топ жарды. Ол аталмыш қашықтықты 6.664 секунд ішінде жүгіріп өтті. Екінші орынға тағы бір АҚШ спортшысы Демек Кемп (6.665) жайғасты. Үздік ұштікті португалиялық Фредерико Курвело қорытындылады.

Оның көрсеткіші – 6.75 секунд.

Ерлер арасында 3000 метрге жүгіруден Эфиопияның өкілі Али Абдилмана (7:52.43) алдына жан салмай, мәреге бірінші келді. Англиялық Александр Джордж (8:07.55) екінші орын, қазақстандық Алексей Гусаровқа (8:27.10) үшінші орын бұйырды.



ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСПЕН КҮТІП АЛДЫ

АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қаласынан XXX қысқы дүниежүзілік Универсиадаға қатысқан Қазақстан студенттер құрамасы елге оралды. Спортшыларды Астана әуежайынан Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бастаған топпен қалалық спорт басқармасының қызметкерлері туыстары мен достары ыстық ықыласпен күтіп алды.

Министр Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді.

Аталған халықаралық додада жерлеріміз Малика Ермек пен Санжар Жанысов жүлделі орынға ие болып, елге күміс медальді әкелді. Олар Қазақстан студенттік құрама командасында бірнеше қашықтықта және дисциплинада жоғары деңгейде өнер көрсетіп, тұғыр-

дың биік сатысына көтерілді.

Шорт-тректен ерлер құрамасы эстафетада күміс медальге қол жеткізді. Бұл биіктен көрінуде Әділ Ғалиахметов, Еркебұлан Шамұханов, Валерии Клименко, Санжар Жанысов еңбек сіңірді.

Аралас эстафетада бойынша да отандастарымыз 2:47.757 секунд көрсетіп, күміс жүлдеге ие болды. Мұндай

көрсеткіш көрсеткен Яна Хан, Малика Ермек, Алина Әжғалиева, Әлішер Әбілқатимов, Әділ Ғалиахметов, Еркебұлан Шамұхановтың жетістігін жоғары бағалау керек.

Универсиадада Қазақстан жалпы командалық есепте 3 алтын, 4 күміс және 4 қола медальмен 11-орынға тұрақтады.

БАС ҚАЛАНЫҢ ҚҰРАМАСЫ ЖАСАҚТАЛДЫ

Елордада жекпе-жек ұлттық спорт түрінен ерлер мен әйелдер арасындағы Астана қаласының ашық чемпионаты өтті. Оған өзге өңір мен қала клубтарынан 160-қа жуық спортшы мен 12 құрама команда бақ сынады.

Тартысты өткен жекпе-жектерде астаналық спортшылар үстем екенін танытты. Жарыс қорытындысы бойынша ерлер арасында 80 келіде Руслан Калиев, 70 келіде Мағжан Қанай қарсыластарынан дараланып, бірінші орын алды. 90 келіде сынға түскен Талғат Бақтыбаев, 53 келіде өнер көрсеткен Ерболат Бекболат екінші орынды қанағат тұтты. 80 келіде Бекаат Басекбеков үшінші орыннан көрінді.

Жастар арасындағы жарыс тіпті

тартысты өтті. Жақсылық Қайролла, Қуаныш Кенжетай, Бекарсы Сапар, Мадияр Бемадияр, Асылжан Даулекулов, Ерсұлтан Тұрарбек өз салмағы бойынша қарсыласының осал тұсын тауып, алтын медаль алды. Ал Жанат Мансұр пен Аукен Мадиярға күміс медаль, Тұрар Алиханға қола медаль бұйырды.

Қыздар арасында 57 келі салмақта Жанель Какимова бірінші орыннан, 62 келіде Жібек Тұрабаева екінші орыннан көрінді.

